



БАЛАҢЫЗ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫН БА?

Әне-міне дегенше, жаз да аяқталып, жаңа оқу жылының басталуына санаулы күн қалды. Бүгінде ата-ана баланы мектепке дайындау қамымен жүр. Оқу құралдарын, киім-кешегін түгендеумен қатар, тағы бір өзекті мәселе бар. Бірінші сыныпқа баратын булдіршіндердің мектепке дайындығы тек материалдық мәселені шешумен бітпейді. Ең бастысы, бала мектепке психологиялық тұрғыдан дайын болуы қажет. Баланың мектепке дайындығын қалай анықтау керек, ата-ана қалай көмектесу керек? Осы орайда, Қызылорда облысы психологиялық орталық директоры Жұмагүл Тасболатқызымен осы тақырыпта сұхбаттасқан едік.

3-БЕТТЕ



ЭЛЕКТР СКУТЕРЛЕРІНЕ ЖАҢА ШЕКТЕУ ЕНГІЗІЛДІ

Енді электр скутерлерін тек 18 жастан асқан, кез келген санаттағы жүргізуші куәлігі бар ересектер ғана жүргізе алады. Елімізде 25 тамыздан бастап электр скутерлеріне тротуармен жүруге тыйым салынады. Сондай-ақ тек лицензиясы бар жүргізушілерге ғана мүмкіндік бар. Арнайы бас киімі, түнде жарық шағылыстыратын жилеті болуы міндетті. Бұл скутерлердің жоғары жылдамдықпен жүріп, тротуарларда кенеттен бұрылыс жасауына алаңдатын жаяу жүргіншілерден шағымы көбеюіне байланысты өзгерді. Ішкі істер министрлігінің мәліметі бойынша, соңғы алты айда электр скутерлерінің қатысуымен 100-ден астам апат болған екен. Екі адам қаза тауып, 120-дан астам адам жарақат алған.

2-БЕТТЕ



«БАЛА КУЛЬТІ» ДЕРТІ ДЕНДЕП БАРАДЫ

«Бала культі» сөзінің астарында балаға деген махаббаттың артуын ғана емес, қазіргі қоғамдағы адамның өмір өлшемдерінің өзгеруін көруге болады. Баланы жақсы көру – адамзаттың табиғи, ең қасиетті сезімдерінің бірі. Бірақ бала отбасының бір мүшесі болудан қалып, бүкіл отбасының өмірлік мәніне, барлық шешімнің жалғыз өлшеміне, ата-ананың орындалмаған арманы мен әлеуметтік мәртебесінің көрінісіне айнала бастағанда, махаббаттың өзі басқа сипатқа ие болады. Бұрын ата-ана «баламды өмірге дайындауым керек» деп ойласа, бүгін кейде «өмірді балама бейімдеуім керек» деген ұстаным байқалады. Баланың жолындағы барлық кедергіні алып тастау, оның көңілін қалдырмау, ештеңеден кем қылмау, әр тілегін орындау, әр қиындықтан қорғау ата-аналық қамқорлықтың өлшеміне айналып барады. Бірақ адам баласы өмірге тек жайлылық үшін келмейді. Өмірдің өзінде күту бар, шектеу бар, жеңіліс бар, еңбек бар, жауапкершілік бар, жоғалту бар. Егер бала осының бәрінен үнемі қорғалып өссе, ол өмірге дайындалмайды, өмірді өзіне қызмет ететін орта ретінде қабылдауға үйренеді. Мұндағы ең үлкен парадокс та осында: ата-ана баласын қиындықтан қорғап отырып, оны қиындыққа төтеп бере алмайтын етуі мүмкін. Балаға бәрін беру – оны бәріне қабілетті етеді деген сөз емес. Керісінше, шамадан тыс қамтамасыз ету кейде ішкі қуатты әлсіретеді. Өйткені адамның мінезі көбіне дайын игіліктен емес, сол игілікке жету жолында күш салудан қалыптасады. Қанағат та бар нәрсенің көптігінен емес, оның қадірін түсінуден туады. Жауапкершілік те біреудің сен үшін бәрін жасап беруінен емес, өзіңе бір нәрсенің аманат етілуінен қалыптасады.

2-БЕТТЕ

СУ ДИПЛОМАТИЯСЫ — ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ОРТАҚ БОЛАШАҒЫ

Соңғы жылдары әлемде су ресурстары жаһандық қауіпсіздіктің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Климаттың өзгеруі, халық санының артуы және су тұтыну көлемінің көбеюі көптеген мемлекетті әбірге салауда. Бұл мәселе әсіресе су ресурстары шектеулі Орталық Азия өңірі үшін де аса өзекті.



Су қайда кетіп жатыр?

Орталық Азия мемлекеттерін Сырдария мен Өмүдария секілді ірі трансшекаралық өзендер байланыстырады. Бұл өзендер өңірдегі миллиондаған тұрғынды ауызсумен қамтамасыз етіп қана қоймай, ауыл шаруашылығының, энергетиканың және экономиканың дамуына негіз болып отыр. Сондықтан су мәселесі тек экологиялық емес, саяси және әлеуметтік тұрақтылыққа да тікелей әсер етеді.

4-БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ



Қаланы таза ұстау оңай шаруа емес. Бұл бір күннің немесе бір апталық та жұмыс емес. Күн сайын, сағат сайын, тіпті минут сайын қадағалайтын және ешқашан таусылмайтын жұмыс.

Қала әкімі Нұржан Ахатов сенбілікке шығып, тазалық жұмыстарын көріп, қаланың әр бұрышын назардан тыс қалдырмады. Атап айтқанда, аула-лардың абаттандырылуы, санитарлық тазалықтың сақталуы, қоғамдық орындардың жай-күйі және тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыс барысын көрді.

Шаһар басшысы жауапты сала басшыларына қала аумағындағы тазалық пен тәртіпті қамтамасыз ету

жұмыстарын күшейтуді тапсырды. Әсіресе, тұрғын үйлердің аулаларын абаттандыруға, қоқыстан тазартуға, көгалдандыруды ретке келтіруге және ортақ пайдаланылатын аумақтардың санитарлық жағдайын жақсартуға күш салуды міндеттеді. Сондай-ақ тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін ескеру маңызды екендігін айтты.

«Ақмешіт-ақпарат»

БОЛАШАҚ МИЛЛИАРДЕРДІ ҚАЛАЙ ТӘРБИЕЛЕЙМІЗ?

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, кәсіпкері көп ел серпінді дамиды. Себебі ел экономикасының өрлеуіне, қолдануына кәсіпкерлер күйған салықтың әсері мол. Кез келген алпауыт мемлекетті алсақ, кәсіпкерлері арқылы өсіп-өркендеп отыр. Қазір қоғамда жеке кәсібін ашықы келетін іскер орта қалыптасып үлгерді. Бірақ әлі де кәсіп ашамын деп талаптанғандарға қолдау көрсету қажет-ақ. Кәсіпкер – қазынаға салық құйып, ел экономикасының қабырғасын бекітетін негізгі күш. Дүниежүзіндегі дамыған алпауыт елдердің де тірегі мен негізгі қозғалтқышы – дәл осы кәсіп иелері.

Ендеше, бізге де сыртқы факторларға иек артуды қойып, ішкі потенциалды ояту қажет. Еліміздің болашағын ендігі жерде жер қойнауындағы байлықпен емес, адам капиталымен байланыстыру ләзім. Мұнай кезеңі өз миссиясын аяқтады. Енді кара алтынның бағасы қанша өссе де, экономиканың басты тірегіне айнала алмайды.



Бүгінде қазақ экономикасын өрге тартатын бір ғана құдыретті күш қалды, ол жасампаз халықтың асқақ жігері. Мемлекет пен бұқара арасында шынайы сенім орнап, әр азамат өз елінің иесі екенін сезінген сәтте ғана нағыз экономикалық серпіліс басталады. Расында, «мұнайдың үстінде отырмыз» деген мақтау сөздің дәуірі өтті. Ендігі жерде еліміздің қарыштап дамуы мұнай ұңғымаларына емес, жеке кәсіп ашқан азаматтарға тікелей байланысты. Кәсіпкерлер қатарының қалыңдауы әлеуметтің әлеуетін көтереді. Мысалы, бір азамат өз бизнесін ашса, кемінде он адамға жұмыс орнын ұсынады. Демек, он шаңырақтың ырысы ортаймайды.

2-БЕТТЕ

Баланың білімі қандай болуы керек? Ең алдымен бала өзінің аты-жөнін, жасын, ата-анасының аты-жөнін, мекенжайын, қай елде тұрады, жануарлардың түрлері мен өсімдіктер, мамандықтар туралы білімі болуы керек. Одан басқа спорт түрлері, тұрмыстық заттар, мысалы ыдыс-аяқ, табиғат құбылыстарын, жыл мезгілдерін, апта күндері мен ай аттарын білуі керек. Бұлардың барлығы мектепке дейінгі балалардың жалпы білімі болып саналады. Дайындық кезеңінің ең маңыздысы – нейродинамикалық дайындығы. Балада энергия көзі екіге бөлінеді деп қарастырсақ, соның бірі физикалық энергия болса, екіншісі – осы нейродинамика яғни психикалық энергия көзі. Бала зейінін шоғырландыра алмаса, бұл нейродинамиканың төмендігінен. Егер балада нейродинамика, төмен болса, жоғары психикалық функциялар толыққанды жұмыс істемейді. Ол - ойлау, сөйлеу, есте сақтау, зейін қоюы. Бұл жағдайда балада есте сақтауы төмен, зейінін шоғырландыра алмау секілді мәселелер болады. Зейіннің шоғырлануы мен тұрақтылығын үй жағдайында сынақ жасау үшін «Бурдонаның сынағы» әдістемесін ұсынамын. Ол үшін балаға әріптері үлкенірек кітап бетін ашып, ондағы «а» әрпін дөңгелектеуді және «у» әрпінің астын сызуды тапсырсаңыз жеткілікті. Одан басқа нейродинамиканың төмендігін бала ұмытшақ, заттарын әр жерде қалдырып жүрсе, тез шаршайтын болса немесе шаршаған кезде ұйықтай алмағанынан байқауға болады. Енді ұсақ моторика туралы айта кетейін, бұл баланың дамуында маңызды рөл атқаратынын бәріміз білеміз. Физиологиялық тұрғыдан айтқанда, «ұсақ моторика» – қолдың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысы. Ұсақ моториканы дамыту бұл ең алдымен сөйлеуді, тілді дамыту үшін керек. Себебі саусақ қимылдары мен сөйлеу мүшелерін бақылайтын бастағы ми қыртыстары бір-біріне жақын орналасқан, қолдың саусақ қимылынан бастағы ми қыртысына импульс жіберіледі, осылайша оған жақын орналасқан сөйлеу аймақтары белсендіріледі. Ғалымдардың дәлелдеуінше, ағзадағы барлық қозғалысқа жауап беретін ми қыртыстарының үштен бір бөлігінің жүйке нүктелерінің кескіні алақан мен саусақтарда орналасқан екен. Сондықтан зерттеушілер алақанды «екінші тіл» деп те атайды. Баланың ұсақ моторикасын зерттеу үшін «кияддағы пианино» ойынын ойнауға болады. Ол үшін балаға: «балам, алдында пианино тұр деп елестет (кейде, бала елестете алу үшін алдында пианинаның суретін көрсетуге болады), енді осы пианиноны ойнап көр», – деп тапсырма беріп көріңіз. Бұл жерде бала саусағының толық ашылуы, ойнауға қатысқанына назар аудару керек. Бұдан басқа түйме қадатып, бау байлатып көруге болады.



– Жұмагүл Тасболатқызы, бірінші сыныпқа баратын бүлдіршінің мектепке дайындығы туралы ата-анада сұрақ көп. Ата-ана «балам сабақ оқуға дайын ба, қатарласынан қалып қоймай ма?» деп алаңдайды...

– Шынында, көп ата-ана 6-7 жастағы балаларын қыркүйек айы жақын қалғанда мамандарға сүйрейді, сондағысы «балам мектепке дайын ба?» деген сұрақтың жауабын білу. Әрине, сұрақ орынды, балалардың мектепке дайын болуы оның мектепке бейімделуінен бастап, жақсы оқушы болуына да әсер етеді. Ал жақсы оқитын бала тәрбиелеу – барлық ата-ананың арманы.

қабілеті жақсы дегеннің өзінде көру өрісінің тар екенін байқаймыз. Мысалы, үнемі гаджет көріп өскен баланың көзі кішкентай төртбұрыштың ішін ғана көріп дағдыланады, кейін мектепке барғанда тақтадағыны көру қабілеті жақсы бола тұра, дұрыс көре алмай, киналады. Невролог мамандар бұдан бөлек, қазір кішкентай балаларда көздің толық айналымы жоқ екенін айтуда. Осы мәселелердің ара-жігін ажырату үшін маман ретінде мектепке дайындық кезеңінің бірі – көру қабілетін, көру өрісін тексеруге кеңес беремін. Одан кейін көп ата-ана байқамай қалып жататын маңызды нәрсе – есту қабілетін тексеру. Оны да дайындықтың бір сатысы ретінде жолға қойыңыз. Келесі маңызды

балалармен баланың коммуникация жасай алу дағдысының болуы маңызды, ол балалармен ойнай алуы, достаса алуы, қажеттілікке қарай «иә немесе жоқ» деп өз қалауын білдіре алуы маңызды. Негізгі осы аталған дағдыларды балалар балабақшада қалыптастырады, яғни балабақшада осы «әлеуметтік-психологиялық дайындық» қалыптасады. Сол себепті баланы балабақшаға берудің пайдасы көп.

Баланың мектепке «әлеуметтік-психологиялық дайындығын» көрсететін тағы бір маңызды тұсы – толық сөйлей алуы. Мектеп табалдырығын аттайтын бала ойын толық жеткізе алуы керек. Сонымен қатар балада мотивацияның өзгеруі де маңызды. Бұрын ойыннан бас алмайтын баланың енді оқу-таным мотивациясына өтіп келе жатқанын байқауға болады. Мысалы, бала теледидардан, көшеде ересектерден немесе достарынан естіген қызықты ақпараттар туралы сұрақтар қойып, өз пікірін білдіруі, т.б. Сонымен қатар баланың «ерік-жігерінің дайындығы» да маңызды. Мысалы, бала белгілі бір пәнді оқығысы немесе апайын тыңдағысы келмейді, бірақ тындайды. Себебі тыңдағысы келмесе де тындай алу – баланың ерік-жігерінің көрсеткіші. Бұл жаста бала ережелерді түсінуі керек, мәселен, қауіпсіздік ережелері, жолда жүру ережелері немесе отбасылық ережелер болуы мүмкін. Егер біз балаға кішкентай кезінен ережелерді үйрететін болсақ, бала мектептің ережесіне де оң-оңай үйренеді. Дәл осы ережені үйретудің тағы бір жолы – ережесі бар ойындар ойнау арқылы үйрету. Мысалы, шахмат, шашка т.б. Келесі, әрі соңғы әлеуметтік-психологиялық дайындық – баланың мектепке барар алдында күн тәртібі, режим деген нәрсені түсінуі. Ол үшін баланы мектепке берерден 4-5 ай бұрын ерте жатқызып, ерте тұрғызып үйрету керек.

– Ал нейрпсихологиялық дайындыққа не жатады? Кейде ата-аналар бала мектепте қатарластарына ілессе алмай жатса, оны қосымша оқуға сүйрейді, бұл қаншалықты дұрыс?

төмен, зейінін шоғырландыра алмау секілді мәселелер болады. Зейіннің шоғырлануы мен тұрақтылығын үй жағдайында сынақ жасау үшін «Бурдонаның сынағы» әдістемесін ұсынамын. Ол үшін балаға әріптері үлкенірек кітап бетін ашып, ондағы «а» әрпін дөңгелектеуді және «у» әрпінің астын сызуды тапсырсаңыз жеткілікті. Одан басқа нейродинамиканың төмендігін бала ұмытшақ, заттарын әр жерде қалдырып жүрсе, тез шаршайтын болса немесе шаршаған кезде ұйықтай алмағанынан байқауға болады. Енді ұсақ моторика туралы айта кетейін, бұл баланың дамуында маңызды рөл атқаратынын бәріміз білеміз. Физиологиялық тұрғыдан айтқанда, «ұсақ моторика» – қолдың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысы. Ұсақ моториканы дамыту бұл ең алдымен сөйлеуді, тілді дамыту үшін керек. Себебі саусақ қимылдары мен сөйлеу мүшелерін бақылайтын бастағы ми қыртыстары бір-біріне жақын орналасқан, қолдың саусақ қимылынан бастағы ми қыртысына импульс жіберіледі, осылайша оған жақын орналасқан сөйлеу аймақтары белсендіріледі. Ғалымдардың дәлелдеуінше, ағзадағы барлық қозғалысқа жауап беретін ми қыртыстарының үштен бір бөлігінің жүйке нүктелерінің кескіні алақан мен саусақтарда орналасқан екен. Сондықтан зерттеушілер алақанды «екінші тіл» деп те атайды. Баланың ұсақ моторикасын зерттеу үшін «кияддағы пианино» ойынын ойнауға болады. Ол үшін балаға: «балам, алдында пианино тұр деп елестет (кейде, бала елестете алу үшін алдында пианинаның суретін көрсетуге болады), енді осы пианиноны ойнап көр», – деп тапсырма беріп көріңіз. Бұл жерде бала саусағының толық ашылуы, ойнауға қатысқанына назар аудару керек. Бұдан басқа түйме қадатып, бау байлатып көруге болады.

– Демек, баланы бірінші сыныпқа дайындау тек қалам, дәптерін түгендеумен бітпейді екен. Осы орайда, ата-аналарға тағы қандай кеңес айтасыз?

– Келесі дайындық – балалардың қабылдауы, оның барлық түрлерінің дұрыс дамуы.

БАЛАҢЫЗ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫН БА?


Жалпы, ата-аналардың көбі бала жиырмаға дейін санай алса, әріптерді жаза алса болды, мектепке дайын деп ойлайды. Бірақ, өкініштісі, шын мәнінде олай емес. Баланың мектепке дайындығын бірнеше маңызды критерийге бөліп қарастыруға болады. Ең алдымен, баланың физиологиялық дайындығы. Екінші, баланың әлеуметтік-психологиялық дайындығы маңызды. Үшінші, нейрпсихологиялық дайындығы. Мектепке дайындық критерийлеріне толық тоқталу үшін алдымен баланың ми құрылымын таныстыру маңызды. Себебі баланың дамуы мидың дамуымен сәйкес келеді. Ал баланың миы қалай дамиды? Баланың миы төменнен жоғары қарай, арттан алдыға қарай, оңнан солға қарай дамиды. Төменнен жоғары – мидың ең төмен жатқан структуралары дамиды, арттан алдыға – мишықтан мидың маңдай бөлігіне дейінгі дамуы. Оңнан солға дегеніміз – баланың алдымен оң жақ жарты шары дамиды, содан кейін ғана сол жақ жарты шары дамиды деген ұғым. Баланың физиологиялық дамуы осы мидың дамуымен тығыз байланысты. Демек, мектепке дайындықты бастар алдында бала миының дамуымен санасуыз керек.

– Мұны білу үшін ата-аналар не істеу керек? Барлық ата-ананың арнайы маманға жүгінуге мүмкіндігі, уақыты бола бермейтіні белгілі.

– Барлық ата-ана білуі керек қарапайым диагностикаларды ұсынайын. Ең алдымен, бала турникте 20 секунд асылып тұра алуы керек. Неге? Себебі денсаулығы әлсіз балаға мектепке бейімделу, пәндерді меңгеру өте қиынға соғады, сол үшін де баланы мектепке дайындау кезінде медициналық тексеру ұсынылады. Екінші, ата-ана байқай алатын тағы бір диагностика бала бір аяқпен секіре алуы және бордюрмен жүре алуы керек. Бұл жердегі бір аяқпен секіру, бордюрмен жүре алу қабілеті вестибулярлы сезімталдықтың көрінісі. Вестибулярлы аппарат құлақтың артқы тұсында орналасқан, көлемі жағынан өте кішкентай болғанымен адамның миында үлкен маңызға ие мүше. Атап айтқанда, сырттан келген ақпаратты өңдеу, баланың назар аударып, зейін қойып сабақты оқуы, тақтаға қарап отыруы, 45 минут зейінін шоғырландырып, мұғалімді тыңдауы осы вестибулярлы аппаратқа тікелей байланысты.

Әрбір ата-ана үй жағдайында жасай алатын келесі зерттеу – баланың допты қағып алуы. Осы тұста мынадай үш баланы елестетуді ұсынамын: біріншісі өзіне қарай ұшып келген допты қаға алмайды, екіншісі доп жақын келгенде көзін жұмды, үшінші бала қағып алады. Мұндағы бірінші және екінші балада көз бен қолдың координациясы нашар. Бұл жерде допты қағып алудың қандай қатысы бар деп ойлауыңыз мүмкін. Баланың қаламсапты алып, дәптерге жазуы тура допты қағып алу сияқты әрекет. Демек, бала жақсы жаза алуы үшін көз бен қол арасында координация жақсы болуы керек.

Келесі маңызды нәрсе – баланың көру деңгейін тексеру. Цифрлық технологияның дамуының әсері болар, қазір мектеп табалдырығын аттаған балалардың басым бөлігінің көру қабілеті өте нашар. Қай жастағы баланы алсаңыз да қолынан гаджет түспейді. Тіпті көру



түс – қаламсапты дұрыс ұстай алу. Ол үшін үйде баланың қасық ұстауына мән берсеңіз жеткілікті. Себебі қасықты дұрыс ұстай алған бала қаламсапты ұстауға тез бейімделеді. Мысалы, кейде 6-7 жастағы баланың қасықты жұдырықпен ұстайтынын байқағмын, бұл дұрыс емес екенін ескерткім келеді.

Мұдан бөлек, баланың мектепке физиологиялық дайын екенін, аяқ киімінің бауын байлай алуы, бір аяқта тұра алуы сынды қабілеттерді меңгеруіне қарап айтуға болады. Егер бала бір аяқта тұра алмаса мәселе мишықта. Мишықтың баланың өмірі үшін маңызы қандай? Мишық – ақпарат синтезі, бұл барлық сезім мүшелерінен берілген ақпаратты ескере отырып, бүтін бір ақпаратты құрауға қатысады деген сөз. Тағы бір ескертін нәрсе – баланың денесін тік ұстай алуы. Егер бала бүкірейіп, қисайып жүретін болса, оған қосымша арқасына ауыр сөмке берсек, мойын қан тамырлары қысылатын балада миға қан, оттегі дұрыс бармайды, соның салдарынан сабақты да жақсы оқи алмайды.

– Түсінікті. Ал баланың әлеуметтік-психологиялық дайындығына не жатады? Бұл қаншалықты маңызды?


– Бұл жаста (6-7жас) бала үлкен адамның ескертуіне, бағасына адекватты қарауы керек. Мысалы, мұғалім балаға нашар баға қойды. Бала өзінің кемшін кеткен тұстарын, не үшін нашар баға қойғанын түсінуі керек. Мұғалім балаға сабақ барысында кедергі келтіргені үшін ескерту жасады, осы кезде де бала өзінің кінәсін түсінуі керек. Бұл оның қаншалықты психологиялық тұрғыда дайын екендігін көрсетеді. Тағы бір ескертінгі, 6-7 жасар балада үлкендермен субординация болуы керек. Яғни көз келген ересекке «сіз» деп қарым-қатынас жасау міндеті. Бұл жерде дәл осындай қарым-қатынасты түсінбеу екі түрлі жағдайда орын алады. Бірі – ата-ананың үйретпеуі немесе баланың дамуында психологиялық кешеуілдеу бар. Сондай-ақ 6-7 жастағы баланың

– Нейрпсихологиялық дайындық дегеніміз – баланың сипаты, жалпы білімі, қимыл-қозғалысының барлық түрлерінің дамуы. Яғни нейродинамикасы. Қабылдау түрлерінің дамуы, сөйлеу, есте сақтау және ойлау. Бала қай кезде дайын болмайды? Зейіннің шоғырландыра алмаса, бір жерде 5 минут отыра алмаса, бастаған жұмысын аяғына дейін жеткізе алмаса, демек, бұл жерде мәселе бар. Тағы да баланың дайын болмау себебі ретінде баладағы инфантилизм – өз бетімен бір істі атқара алмау, ата-анасына шектен тыс тәуелділігін айтуға болады. Ондай бала тіпті өз киімін өзі кимейді. Одан басқа тапсырмадан бас тарту, ашушаң, эмоционалды тұрақсыз болса, мазасыздығы мен қорқынышы басым болса, онда бала мектепке дайын емес деген сөз. Мұндай жағдайда бала әлі 5 жарымда немесе 6 жаста болса, осы мәселенің бәрін шешіп алуға ата-ананың баласы 7 жасқа толғанша уақыты бар екенін, 6 жасар мектепке беруге асықпағаны жөн екенін еске саламын.

Ал баланың білімі қандай болуы керек? Ең алдымен бала өзінің аты-жөнін, жасын, ата-анасының аты-жөнін, мекенжайын, қай елде тұрады, жануарлардың түрлері мен өсімдіктер, мамандықтар туралы білімі болуы керек. Одан басқа спорт түрлері, тұрмыстық заттар, мысалы ыдыс-аяқ, табиғат құбылыстарын, жыл мезгілдерін, апта күндері мен ай аттарын білуі керек. Бұлардың барлығы мектепке дейінгі балалардың жалпы білімі болып саналады. Дайындық кезеңінің ең маңыздысы – нейродинамикалық дайындығы. Балада энергия көзі екіге бөлінеді деп қарастырсақ, соның бірі физикалық энергия болса, екіншісі – осы нейродинамика яғни психикалық энергия көзі. Бала зейінін шоғырландыра алмаса, бұл нейродинамиканың төмендігінен. Егер балада нейродинамика төмен болса, жоғары психикалық функциялар толыққанды жұмыс істемейді. Ол - ойлау, сөйлеу, есте сақтау, зейін қоюы. Бұл жағдайда балада есте сақтауы

Яғни есту қабылдауы, көзбен қабылдауы, тактильді қабылдауы дұрыс болуы керек, кеңістікті қабылдауы және адамның суретін сала алуы керек. Баланың есту арқылы қабылдауын қалай тексереміз, мектепке дейін бала барлық әріптерді дұрыс атай алу керек. Көбіне 5 жастан кейін де с.ч.д.р дыбыстарды айта алмаса логопед маманның көмегіне жүгіну керек. Неге? Себебі бала егер әріптерді дұрыс айта алмаса, қағазға да түсіре алмайды, бұл мектепте диктант жазу кезінде байқалады. Сол себепті балаға ертерек көмектескен жөн. Келесі – көз қабылдауы, яғни баланың көру өрісі кең болуы керек. Тактильді қабылдау да маңызды, мұны тексеру үшін үй жағдайында қалтаға көлемі кіші ойыншықтарды салып, баладан көзі жұмулы күйде біртіндеп алуды және оның не екенін айтуды сұрауға болады. Кеңістікті қабылдауы, яғни бала мектепке дейін оң-сол, жоғары-төмен, үстінде, жанында деген ұғымдарды бағдарлай алуы керек. Мұны дамыту үшін баланы «оң жақтағы сөреден затымды әкелші», – деп жұмсау жеткілікті. Сонымен қатар баланың сөйлеу дайындығы да маңызды. Бірінші сыныпқа баратын балалардың сөздік қоры мол болуы керек. Жұрнақ пен жалғауларды орнымен дұрыс қолдана білуі, мысалы «бала» көпше түрде «балалар» екенін білуі керек. Бұл мәселе көбіне жартылай орыс тілді, жартылай қазақ тілді отбасыларда кездеседі. Сондай-ақ, бала сурет бойынша әңгіме құрастыра алуы, ертегі, әңгіме мазмұнын рет-ретімен айтып бере алуы керек.

Мұнан бөлек, бала «артығын тап» ойынын ойнай алуы керек, ол үшін төрт түрлі сурет ұсынып, оның үшеуі мағыналас, төртіншісі басқа мәндегі кескін болуы



тііс. Бұны ғылымда аналогияны түсіну деп айтамыз, яғни адамда мұрын, құста тұмсық, адамда қол, құста қанат бар. Мұның барлығы баланың интелектісін, ойлау деңгейін көрсетеді. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, егер бала осы атағандарды жасай алмаса мектепке бермеу керек деген заңдылық жоқ, ең бастысы, мәселені дер кезінде анықтап, балаға көмектесу керек екенін түсіну. Баланың мектепке дайындығын осы айтылған дүниелер арқылы бағалау және бағдарлау ата-ананың міндеті деп білемін.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА



Инженер-гидротехник, халықаралық сарапшы Ерлан Бадашевтің айтуынша, Қазақстанның су ресурстарының жағдайы ерекше назар аударуды қажет етеді.

– Суы көп ел – әлемдегі ең бай ел. Олардың қатарында Ресей, Бразилия, Аргентина сияқты мемлекеттер бар. Ал Қазақстан бұл тізімнің соңында орналасқан. Елдегі сегіз су бассейнінің алтауы бойынша біз көрші мемлекеттердің суына тәуелдіміз. Бұл – жаһандық деңгейдегі мәселе. Қазақстан жер ресурстарына бай болғанымен, суға мұқтаж ел. Біз суды Ресеймен салыстырғанда шамамен үш есе көп тұтынамыз, – дейді Ерлан Бадашев.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2025 жылы Қазақстан халқы шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер мен ауызсу үшін шамамен 1,3–1,4 миллиард текше метр тұщы су пайдаланған. Бұл елдегі жалпы су тұтыну көлемінің шамамен 6-7%-ын ғана құрайды.

Қалған су қайда кетіп жатыр? Су тұтынудың ең ауқымды бөлігі ауылшаруашылық саласына тиесілі: 70 пайызға жуық. Өткен жылы республика бойынша 1,2 млн га егіс алқабын суаруға 11 млрд текше метр су жұмсалған.

Электр энергетикасы, коммуналдық шаруашылық және өнеркәсіп салалары да су ресурстарын көп пайдаланатын негізгі бағыттардың қатарында. Бұл көрсеткіштер су қорын тиімді басқару мен үнемді пайдалану мәселесінің маңызын аңғартады.

Су мәселесі бүгінде ұлттық қауіпсіздік шеңберінен асып, өңірлік тұрақтылық пен мемлекетаралық ынтымақтастықтың маңызды факторына айналды. Франциялық зерттеуші, Орталық Азия мәселелері бойынша сарапшы Себастьян Пейруздың айтуынша, трансшекаралық су ресурстарын тиімді басқару мемлекеттер арасындағы сенімді нығайтып, өңірдегі тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал етеді. Оның пікірінше, кейінгі жылдары Орталық Азия мемлекеттері арасында су мәселесіне қатысты өзара түсіністік айтарлықтай артқан.

Басы 1-бетте

СУ ДИПЛОМАТИЯСЫ – ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ОРТАҚ БОЛАШАҒЫ



– Егер бұрын су мәселесі көбіне қарама-қайшылықтардың негізгі себебі болса, бүгінде ол ортақ мүдделерді тоғыстыратын маңызды факторға айналып келеді. Бұл жаңа инфрақұрылымдық жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға және климаттық өзгерістердің салдарын тиімді еңсеруге мүмкіндік береді, – дейді сарапшы.

Бұл жағдайға байланысты Қазақстан да су дипломатиясын дамытуға ерекше көңіл бөліп келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық форумдарда су қауіпсіздігі мәселесін тұрақты түрде көтеріп, Орталық Азия елдерінің күш-жігерін біріктіруге шақырып келеді. Мемлекет басшысы су ресурстарын тиімді пайдалану мен әділ бөлудің өңірдің тұрақты дамуы үшін шешуші маңызға ие екенін бірнеше рет атап өтті.

Климат өзгерісі кедергі болып тұр

Климат өзгерісі бұл мәселенің өзектілігі одан әрі артып отыр. Ғалымдардың болжамынша, алдағы онжылдықтарда Тянь-Шань мен Памир тауларындағы мұздықтардың көлемі азая береді. Бұл өңірдегі негізгі өзендердің су қорының қысқаруына әкелуі мүмкін. Сондықтан мемлекеттер арасында ғылыми ақпарат алмасу, су үнемдеу технологияларын енгізу және ортақ стратегия қалыптастыру қажеттілігі күн өткен сайын күшейіп келеді.

Қазірдің өзінде Орталық Азия елдері су саласындағы ынтымақтастықты нығайту бағытында нақты кадам жасады. Мемлекетаралық комиссиялардың жұмысы жанданып, су қоймаларын пайдалану, су бөлу тәртібі және экологиялық қауіпсіздік мәселелері талқылануда. Халықаралық ұйымдардың қолдауымен жүзеге асырылып жатқан жобалар да өңірдегі су ре-

сурстарын тиімді басқаруға оң ықпал етіп отыр.

ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі Халықаралық ынтымақтастық департаменті директорының орынбасары Сауле Темірболатованың сөзінше, Қазақстан трансшекаралық өзендерді бірлесіп пайдалану туралы барлық көрші елмен келісімге келген. Соңғы нақты келісім Өзбекстан тарапымен жүргізілген екен.

– Қазақстан трансшекаралық өзендер арқылы судың 44 пайызын алады. Ондағы су ауыл шаруашылығына, өнеркәсіпке және ауызсу есебінде пайдаланылады. Сондықтан көрші елдермен келісім жасау және су көлемін белгілеу аса маңызды. Біз бұл жұмыстарды тұрақты жүргізіп келеміз, – дейді ол.

Сауле Темірболатова климаттың өзгеруі трансшекаралық өзендердің су деңгейіне әсер етіп отыр деген пікірде.

– Климат өзгерісі су ресурсына айтарлықтай әсер етіп отыр, оны жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан барлық мемлекеттермен гидрологиялық мәліметтер алмасу жүргізіледі. 2024 жыл Ресейден келетін су көлемінің көбеюі салдарынан су тасқыны болғанын білесіз, сол кезден бері қарқынды жұмыс жалғасуда. Оның үстіне, Қазгидромет әлемдік және өңірлік болжамдарды тұрақты әзірлеп келеді, – деді маман.



Бүгінгі таңда адамзат алдында тұрған ең үлкен сын-қатерлердің бірі – климаттың өзгеруі. Ғалымдардың айтуынша, соңғы жүз жыл ішінде Жердің орташа температурасы 1,2 градусқа көтерілген. Жаһандық климаттық кризис – бұл жер шарының орташа температурасының тез көтерілуінен туындап отырған экологиялық, әлеуметтік және экономикалық дағдарыс.

Жаһандық мұхиттардағы су температурасы 20,86 градусқа жетті. Бұл бұрын-соңды болмаған көрсеткіш. Әсіресе, Жерорта теңізі мен Тынық мұхиты қалыптан тыс жылыған. Ғалымдар осының салдарынан су түбіндегі кейбір тіршілік иелері жаппай қырылуы мүмкін екенін ескертеді. Ұлыбританияның метеорологиялық қызметінің мәліметіне сүйенсек, елдегі ауа-мақтық сулардың жылынуы қауіпті деңгейге жеткен. Синоптиктер бұған Еуропадағы аптап ыстық едәуір әсер еткенін айтады. Теңіздегі температураның ысуы ұзаққа созылса, жаңа популяциялар қалыптасуы бек мүмкін.

Климат өзгерісінің жалпы экологиялық жүйенің басты жауы – өндіріс. IPCC халықаралық ұйымының зерттеуінше, 1850 жылдан бастап өндірістік даму қарқын алған. Әрі дәл осы кезеңде жаһандық жылыну үрдісі басталды. Егер жаһандық жылыну 1,5–2 °C-тан асса, адамзаттың жер бетінде тіршілік етуі едәуір қиындайды. Әлем елдері климат өзгерісіне қарсы күресте тиісті деңгейде белсенділік танытпай отыр. Көмірқышқыл газы бөлінуін азайту шарттары өте баяу орындалуда.

Күз-қыс айлары неге жылыды?

Жаһандық жылыну тек жаз айларында ғана байқалмайды. Күз-қыс мезгілдерінде де мұның айқын мысалын көруге болады. Мысалы, өткен жылы Қазақстанның көп өңіріне желтоқсанның орта тұсына дейін қар жаумалды. Central Asia Climate Foundation деректеріне сүйенсек, еліміз жаһандық орташа көрсеткіш жоғары, мұны төрт мезгілден де аңғарып отырмыз.



ЖАҒАНДЫҚ ЖЫЛЫНУ ТӨРТ МАУСЫМҒА ДА ӘСЕР ЕТУДЕ

«Жер Елшілері» экологиялық қозғалысының жетекшісі Әлихан Мұхтарұлы күз-қыс айларында күннің жылыуы халыққа жайлы болғанымен, экономикалық қауіп жоғары.

– Күз мезгілінде күннің қалыптан тыс жылы болуы табиғи циклдарды бұзады. Өсімдіктер қысқы тынығу кезеңіне толық өтпей, келесі маусымдағы өнім сапасы төмендейді. Сонымен қатар жылы әрі ылғалды күнде зиянкестер мен аурулардың көбеюіне жол ашады.

Гидрологиялық тепе-теңдік бұзылатынын да ескеруіміз керек, – дейді маман.

Халықаралық жасыл технологиялар орталығының ғылыми бағытының жетекшісі Гүлбазар Медиева да күз-қыс айларындағы ауа райына климат өзгерісі әсер етіп отырғанын айтады. Қыс айларында орталық аймақтарда ауа температура 3–5 градус дейін жылыса, батыс өңірде 4–6 градус болған. Осыған орай климат мониторингін күшейту, құрғақшылыққа төзімді сорттарды енгізу секілді шаралар қабылдануда.

Климаттың өзгеруі экономиканың барлық саласына әсер етеді. Құрғақылық, су тасқыны, топырақтың құнарсыздануы белең алады. Мұның бәрі экономикаға орасан зардап әкеледі, өндірістің дамуына да тікелей әсер етеді. Экологияны қорғауға мемлекеттің тікелей жауапкершілігі болуы керек

дамыған сайын ауаға көмірқышқыл газы көп бөлінеді. Ол атмосферадағы жылуды көбейтеді, – дейді Гүлбазар Медиева. Ол экономикаға зиянын атап өтті. Әсіресе, климат өзгерісі экспортқа әсер етеді деген тың жаңалық айтты.

– Қазақстан экспорттан орасан пайда табатынын білеміз, сала негізгі табыс көзі саналады. Қазір басымдықты Еуропа елдеріне беріп отырмыз ғой. Ал Еуропаға экспортталатын өнімдерге ерекше талап бар. Олар өнімнің бір тоннасын шығару үшін қанша парниктік газ бөлінгенін есептейді. Сол бойынша экспорттаушы елді салық төлеуге міндеттейді. Ал бізде бұл көрсеткіш өте жоғары. Сондықтан климат өзгерісін тежеуге жасалған қадам мен өндірістегі зиянды азайту үшін амал жасау маңызды, – деді ол.

Тәуелсіз экологиялық шолушы Сәкен Ділдахмет экология халық өмірінен бөлек, экономикаға да зиян тигізуі мүмкін деп есептейді.

– Жылдан-жылға әлемде экологиялық мәселелер қатары артып келеді. Алматы, Өскемен қалаларындағы мәселелер, одан қала берді жаһандық жылыну, су тапшылығы бар. Халқымыздың өмір сүруі, өсіп-өнуі, білім алуы, еңбек етуі – барлығы айналып келгенде экологияға байланысты. Климаттың өзгеруі экономиканың барлық саласына әсер етеді. Құрғақшылық, су тасқыны, топырақтың құнарсыздануы белең алады. Мұның бәрі экономикаға орасан зардап әкеледі, өндірістің дамуына да тікелей әсер етеді. Экологияны қорғауға мемлекеттің тікелей жауапкершілігі болуы керек, – дейді сарапшы.

Маман климат өзгерісіне қарсы тұру үшін экологиялық жобалар мен ұстанымдарды нақтылау керек дегенді айтты. Сарапшының сөзінше, Қазақстан ұстанатын тұрақты дамудың 17 мақсаты бар, соның ішінде 13-бағыт климат өзгерісіне арналған. Париж келісімі бойынша біз 2030 жылға дейін парниктік газдар шығарындыларын 15 пайызға азайтуымыз керек. Ол үшін зиянды шығарындыларды азайтатын технологияларды жетілдіру қажет.

Бетті дайындаған Думан КЕҢШІЛІК

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғалысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3326 Тапсырыс №1404

Нөмірдің кезекші редакторы Думан КЕҢШІЛІК